

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі»
ММ «Байғанин аудандық шығармашылық орталығы» МКҚК қамқоршылық
кеңесі отырысының
хаттамасы №1

Қарауылкелді селосы
Қатысқандар: 10 адам
Күн тәртібінде:

29.10.2024ж.

1. Қамқоршылық кеңесінің төрағасымен хатшысын тағайындау.
2. 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.
3. Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен таныстыру. (жаңа редакцияда ҚР Оқу – ағарту министрінің м.а. 01.03.2023 жылғы №56 бұйрығы)

Тыңдалды:

Әбдіров Гайдар Қасымұлы, ардагер ұстаз: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген "Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына» (жаңа редакцияда ҚР Оқу – ағарту министрінің м.а. 01.03.2023 жылғы №56 бұйрығы) сәйкес Шығармашылық орталығында қамқоршылық кеңестің құрылуын дұрыс деп санаймын және осы аталған кеңес төрайымына Жумағалиева Марзия Абатовна лайықты деген ұсынысымды білдіремін.

Нияз Назгүл Байғанин ауданының білім бөлімінің әдістемелік кабинет әдіскері:

- менде қосыламын, Жумағалиева Марзия Абатовна төрайымы болып сайлансын, осы мекемеге баласы үйірмеге катысады екен, кәсіпкер, көпшілікпен жұмыс жасай алады деген ойдамын.

Тілеулина Гүлсамал Балтабайқызы, ата-ана:

– менде қолдаймын, Жумағалиева Марзия Абатовна төрайымы болып сайлансын.

Ержанов Марат Жарылгасинович, ата-ана:

– менде қолдаймын, Жумағалиева Марзия Абатовна төрайымы болып сайлансын.

Сағынай Индира Алматайқызы, ата-ана, «Байғанин аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ, бас маманы:

– менде Жумағалиева Марзия Абатовнаны төрайымы болуды қолдаймын және осы кеңестің хатшысына Сабира Боранкуловнаны ұсынамын.

Жумағалиева Марзия Абатовна ата-ана, кәсіпкер:

– рахмет, алдағы уақытта осы жердегі кеңес құрамымен бірлесе отырып, жұмыс жасауға дайынмын. Төрайым болуға қарсылығым жоқ. Осы мекеменің қызметкері Умирзакова Сабира Боранкуловнаның қамқоршылық кеңес хатшысы болуына қарсылығым жоқ, қолдаймын.

Екінші мәселе бойынша, 2024-2025 оқу жылына арналған қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын таныстырып, бекітуге ұсынамыз. Кеңес қызметі оқу жылына арналған төменде көрсетілген жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілетін болады. Жоспарға қысқаша тоқталатын болсақ:

I отырыста, кеңес төрағасын сайлап, хатшысын бекіту. Кеңестің мақсат, міндеттеріме, бұйрықпен таныстыру.

II отырыста, Шығармашылық орталығы басшысының 2024-2025 оқу жылының I ж.ж. атқарылған жұмыстарының қорытынды есебін тыңдау. Мекеменің санитариялық-гигиеналық жағдайларының, ауыз су режимінің сақталуына, іргелес аумақтың жай-күйіне қоғамдық бақылауды жүзеге асыру. (желтоқсан) Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың үйірмелерге қамтылуына мониторинг жүргізу.(жылына 1рет)

Аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық шығармашылық байқауларға балалардың қатысуына ат салысу.(жыл бойы)

III отырыста, Шығармашылық орталығының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметіне мониторинг жүргізу.Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесінің іс-шаралар жоспарымен танысып, ат салысу. Орталық алаңын абаттандыруға жәрдемдесу.(ақпан)

Педагогикалық ұжымға оқушылардың отбасымен жұмыс істеуге жәрдемдесу, орталық әкімшілігімен бірлесіп, жалпы ата-аналар жиналысын өткізу. (қажет болған жағдайда)

Орталық әкімшілігіне үйірмеге қатысушылар арасында құқық бұзушылықтың, нашакорлықтың, алкоголизмнің, темекі шегудің, қаңғыбастықтың, қайыршылықтың, қорлаудың, ойынға құмарлықтың алдын алу бойынша жәрдемдесу.(жыл бойы)

IV отырыста, Мекеме басшысының 2024-2025 оқу жылының қорытындысы бойынша орталық директорының есебін тыңдау. 2024-2025 оқу жылында үйірмеге қатысып, түрлі байқаулардан жүлделі орын алған оқушыларды марапаттау жиынына қатысу.(мамыр)

Үшінші мәселе, Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен таныстыру. (жаңа редакцияда ҚР Оқу – ағарту министрінің м.а. 01.03.2023 жылғы №56 бұйрығы) Аталған бұйрық 5 тараудан тұрады.(қысқаша тоқталамыз):

1-тарау.Жалпы ережелер. Кеңес балаларға арналған қосымша білім беру ұйымын басқарудың алқалы органы ретінде оның дамуына жәрдемдеседі және осы ұйымның қызметіне қоғамдық бақылауды қамтиды.

2-тарау. Қамқоршылық кеңесті сайлау тәртібі. Қамқоршылық кеңестің өкілеттік мерзімі 3 жылды құрайды.

3-тарау. Қамқоршылық кеңестің функциялары. Кеңес қызметі оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес-жүзеге асырылады.

4-тарау. Қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыру тәртібі.Кеңес отырысы тоқсанына 1 рет өткізіледі.

5-тарау. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату. Ұйым таратылған және қайта ұйымдастырылған кезде кеңес жұмысы тоқтайды.

Шешім етеді:


1. Шығармашылық орталығының қамқоршылық кеңесі төрайымы болып Жумагалиева Марзия Абатовна сайлансын.
2. Қамқоршылық кеңес отырысының хатшысы болып, орталық қызметкері Умирзакова Сабира Боранкуловна танылсын.
3. 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.

Төрайымы



М.А.Жумагалиева

Мүшелері:



Г.К.Әбдіров
Н.Нияз
Г.Р.Ахмет
Г.Б.Тілеулина
М.Ж.Ержанов
Ш.Р.Ерғалиева
И.А.Сағынай
Н.М.Төлеу

Хатшы



С.Б.Умирзакова